



## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Г.МӘМБЕТҚЫЗЫ

# АУЫЛ ТІРЛІГІ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ



КӨПДІР КӨКТЕМ КЕҢ ДАЛА ТӨСІНЕ ШУАҒЫН ТӨГІП, ТАБИҒАТПЕН БІРГЕ ТІРШІЛІКТІ ДЕ ҚАЙТА ТҮЛЕТКЕН ЕРЕКШЕ МЕЗГІЛ. ҚЫСТЫҢ ЫЗҒАРЫ ҚАЙТЫП, КҮН НҰРЫ МОЛАЙҒАН ШАҚТА АУЫЛ-АЙМАҚҚА ЖАН БІТІП, ШАРУАЛАР ҮШІН ҚАРБАЛАСҚА ТОЛЫ ЖАУАПТЫ КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ. ҚЫСТАҚТАРДА ЖАППАЙ МАЛ ТӨЛДЕП, ҚОРА-ҚОПСЫДАН ШЫҚҚАН ТӨЛДІҢ ҮНІ КЕҢ ДАЛАНЫ ЖАҒҒЫРТСА, ЕГІНШІ ҚАУЫМ ДА ЖЕР ЖЫРТЫП, ТҰҚЫМ СЕУІП, БЕРЕКЕЛІ ЕҢБЕКТИҢ ҚАМЫНА БЛЕК СЫБАНА КІРІСУДЕ.



### КӨКТЕМГІ ЕҢБЕКТИҢ ҚЫЗҒАН ШАҒЫ

Бұл көрініс – біздің ауданымызға да тән. Шаруа қожалықтарында тынымсыз тірлік қайта жанданып, әр үйде еңбекке деген құлшыныс айқын сезіледі. Қазақ халқы үшін төрт түлік – тек күнкөріс көзі ғана емес, тұтас бір тіршіліктің дәстүр мен танымның өзегі. Бабаларымыздың «Мал-жаньың аман ба?» деп амандық сұрасуының өзі малдың халқымыздың өміріндегі айрықша орнын аңғартса керек.

Сондықтан да төрт түліктің амандығы, жаңа туған төлдің жағдайы – әрбір шаруагер

үшін ең маңызды мәселе. Қазіргі шақ – ел ішінде «қой қоздап, түйе боздап, қорада шу» деп сипатталатын ең бір қызу да қауырт кезең болып саналады.

Жалпы мал шаруашылығы – қазақ үшін тек кәсіп қана емес, ол жанға жақын, қанға сіңген дәстүр, атадан балаға кәсіп болып келе жатқан ұлы мұра. Кең даланың кеңпейіл рухымен ұштасқан бұл еңбек – халқымыздың ежелгі тәжірибесі мен дана ойының жемісі. Малдың бабын, өмірін нәпақмен ғана емес, берекелі тірлікпен де байланыстырған.

Қазақ даласында әрбір төрт түлік тек мал емес, ол – отбасының тірегі, елдің берекесі, қоғамның

тыныштығының айнасы.

Бүгінгі таңда Доссор кентіне қарасты Мұңданақ елді мекеніндегі «Рита» шаруа қожалығында бұл қарбалас айқын көрініс табуда. Мұнда төрт түлікті өсіру, оның жем-шөбін әзірлеу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, мал басын көбейтуге ерекше мән берілуде. Әкеден балаға мұрас болып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата-кәсіп – бүгінгі күнге дейін де өз мәнін жоймай, ауыл тіршілігінің алтын діңгегіне айналып отыр.

Ұрпаққа аманат болып жеткен бұл кәсіп арқылы адамдар еңбекқорлықты, шыдамдылықты және жауапкершілікті бойына сіңіреді. Тарихқа көз жүгіртсек те, ата-бабамыз малды тек сандық көрсеткішпен емес, оның қасиеті мен табиғатына сай бағалап, әр малға жанымен қарап, қамқорлық жасаған. Сол даналық бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Осындай берекелі істі жалағп, маңдай терімен нәпақасын тауып жүрген жандардың бірі – аталған ша-

руа қожалықтың жетекшісі Нұркен Ұңғаров.

Ол бала күнінен еңбекке ерте араласып, төрт түліктің қадір-қасиетін бойына сіңіріп өскен.

«Мал бағу – біздің қанымызға сіңген кәсіп. Бұл істі алып жүру бізге еш қиындық тудырған жоқ. Себебі бала кезімізден әке-шешеміздің жанында жүріп, қорадағы тірліктің қыр-сырын меңгердік. Әкемізден қалған малды көзіміздің қарашығындай сақтап, көбейтіп келеміз. Атакәсіп – біздің тірегіміз,

нәпақамыздың көзі», - дейді ол.

Шаруашылықта отбасының әр мүшесі еңбекке жұмысқан. Үлкен ұлы мен келіні күнделікті тірліктің бел ортасында жүрсе, мектеп қабырғасындағы кіші ұлы да сабақтан қолы босаған сәтте ата-анасына қолғабыс етеді. Таңғы сағат алтыдан басталатын тынымсыз тірлік кеш батқанша жалғасады. Малға жем-шөп беру, су-ару, күтімін жасау – бәрі де үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап етеді.

(Жалғасы 4-бетте)

## АКЦИЯ

Ж.ҚАМЗА

# ТАЗАЛЫҚ – ОРТАҚ МІНДЕТ



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ – БҮГІНГІ ҚОҒАМ ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. ТАБИҒАТ – АДАМЗАТТЫҢ ӨМІР СҮРУІНІҢ НЕГІЗІ, АЛ ОНЫ САҚТАУ МЕН ҚОРҒАУ ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ТАЛАП ЕТЕДІ. ӨЙТКЕНІ ТАБИҒИ БАЙЛЫҚТАРДЫ САҚТАУ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СПАСАСЫН АРТТЫРЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ЕЛДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ БОЛЫП САНАЛАДЫ.

СОНҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЕЛІМІЗДЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ САНИТАРЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTU МАҚСАТЫНДА БІРҚАТАР БАСТАМАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНЫП КЕЛЕДІ. СОНЫҢ БІРІ – «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ.

БҮЛ БАСТАМА ҚОҒАМДЫ ТАЗАЛЫҚҚА, ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫРЛЫҚПЕН ҚАРАУҒА ЖӘНЕ ТУҒАН ЖЕРГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУҒА ҮНДЕЙДІ. АТАЛҒАН АКЦИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ТА ЕРЕКШЕ АТАП ӨТКЕН БОЛАТЫН.

(Жалғасы 3-бетте)

## \*Баспасөз – 2026



### «Мақат тынысына» 2026 жылға жазылу жалғаса береді

#### «ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

<b>Жеке тұлғаға</b> 6 айға - 2272 теңге 66 ТЫН	<b>Заңды тұлғаға</b> 6 айға - 3993 теңге 60 ТЫН
8 айға - 3030 теңге 21 ТЫН	8 айға - 5324 теңге 08 ТЫН

Газет индексі:  
жеке тұлғалар үшін –  
65574,  
заңды тұлғалар үшін –  
15574

Өзіңізге қажетті мәліметті «Мақат тынысынан» ғана аласыз. «Мақат тынысы» Сіздің сенімді серігіңіз болуға дайын! Бір рет жазылып, жыл бойы рухани азық алып тұрыңыз!

**Құрметті оқырман!**

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Атырау Тау Кен» ЖШС «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі Қазақстан Республикасы Атырау облысы Мақат ауданында орналасқан «Қошқар» учаскесін игеру тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша ашық жиын түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Географиялық координаттары СШ 47°28' 10.835" , ВД 53°27' 59.999" .

Қоғамдық тыңдау өтетін жері және уақыты: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Сүлейменова Галия к-сі, 39, Доссор Мәдениет үйі, 05.05.2026ж. 15:00-де.

Конференцияға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет:  
<https://us05web.zoom.us/j/8292565855?pwd=UXIvbmNbn29nTmI3TTl1bmFjU3JXZz09&omn=89657111855>

Конференция сөйкестендіргіші: 829 256 5855, Кіру коды: 123456

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Атырау Тау Кен» ЖШС, БСН 120640007736, Атырау қ., Ширина өндірістік аймағы, 83.

Құжаттаманы әзірлеуші «TauKenGeology» ЖШС, Атырау қ., Ширина өндірістік аймағы, 83, tauken\_geology@mail.ru тел. +77013821482.

Жоба материалдары ҚО ТРЖҮБД <https://ndbecology.gov.kz> және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat> сайтында орналасқан.

Ескертулер мен ұсыныстар жоғарыда көрсетілген электрондық пошта мекенжайлары бойынша, сондай-ақ ҚО ТРЖҮБД сайтында қабылданады.

### Борыш



Ж.ҚАМЗА

## ОТАН ҚОРҒАУ – ПАРЫЗ, БІРАҚ...

Алмағайып заманда ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету – кез келген мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Сол себепті қарулы күштер саласы әрдайым сақадай сай дайындық пен жоғары қырағылықты талап етеді. Ал қуатты әскердің негізі – тәртіп пен жауапкершілік. Бұл жауапкершілік, ең алдымен, ер азаматтардың Отан алдындағы борышын өтеуінен басталатыны белгілі. Дегенмен соңғы жылдары әскер қатарына өз еркімен баруға ниетті жастардың азайғаны қоғамда жиі айтылып жүр. Ер азаматтардың қасиетті борышын өтеуден қашуына не себеп? Бұл сұрақ бүгінгі қоғам үшін маңызды мәселелердің біріне айнады.

Қазақстан заңнамасына сәйкес, 18 бен 27 жас аралығындағы әрбір азамат Отан алдындағы әскери борышын өтеуге міндетті. Ең басты талап – азаматтың денсаулығы жарамды болуы. Қазіргі таңда елімізде көктемгі әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған жарлыққа сәйкес, көктемгі шақырылым наурыз айынан басталып, маусым айының соңына дейін жалғасады.

Осыған байланысты аудандық деңгейде де әскерге шақыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің мәліметінше, биылғы көктемгі шақырылым аясында 40-қа жуық азаматты әскер қатарына жіберу жоспарланып отыр. 17 наурыз күні алғашқы сарбаз мерзімді әскери борышын өтеуге аттанды.

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің басшысы Оразбек Қарашолақов әскерге шақыру науқанының қалай жүргізілетінін түсіндірді.

«Қазіргі таңда әскерге шақыру бойынша сарбаздарымыз әскери борышын өтеуге аттанды. Көктемгі шақырылым кезінде шамамен 40 азаматты әскер қатарына жіберу жоспарланып отыр. Ескерге шақырылатын азаматтарды зерделеу барысында олардың отбасы жағдайы, денсаулығы, білімі, соттылығы бар-жоғы жан-жақты қарастырылады. Әңгімелесу мен медициналық тексерулер нәтижесіне қарай олар әскери құрылымдарға бөлініп тағайындалады. Әскерге шақыру жұмыстары жылына екі рет жүргізіледі. Көктемгі шақырылым наурыздан маусымның соңына дейін, ал күзгі шақырылым қыркүйектен желтоқсанның соңына дейін жалғасады. Көктемгі шақырылым кезінде азаматтар Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы қатарында әскери борышын өтейді», – дейді ол.

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің статистикалық деректеріне сүйенсек, Мақат ауданы әскерге шақыру науқанының жоспары 2024 жылы 100 пайызға, ал 2025 жылы 102 пайызға орындалған. Бұл

– аудан жастарының арасында әскерге баруға деген жауапкершіліктің әлі де сақталып отырғанын көрсетеді. Дегенмен қоғамда әскерге барудан жалтарғысы келетін жастардың да бар екені жасырын емес. Бұған түрлі себептер әсер етеді. Соның ішінде соңғы жылдары әскери бөлімдерде орын алған қайғылы оқиғалар көпшіліктің алаңдаушылығын туғызады.

Ғаламторда тараған мәліметтерге сүйенсек, соңғы үш жылда Қазақстанда 270 әскери қызметкер түрлі жағдайда қаза болған. Ал ресми деректер бойынша, кейінгі төрт жылда әскер қатарында 90-ға жуық суицид фактісі тіркелгені туралы ақпарат жарияланған. Мұндай статистика ата-аналардың да, жастардың да көңіліне күдік ұялатып отырғаны анық.

Әсіресе, әскери бөлімдердегі әлімжеттік мәселесі қоғамда жиі талқыланып келеді. Әскердегі тәртіп бұзушылықтар мен сарбаздарға жасалатын қысым туралы ақпараттар кейде әлеуметтік желілерде кеңінен таралып, халықтың алаңдаушылығын күшейтеді.

Жуырда Атырау гарнизоны әскери бөлімшелерінің бірінде болған қайғылы жағдай да қоғамда үлкен резонанс тудырды. Ресми дерекке сәйкес, 12 наурыз күні жоспарлы далалық жаттығу кезінде қаруды қолдану барысында абайсызда болған оқиға салдарынан сарбаз ауыр жарақат алған. Ол дереу медициналық мекемеге жеткізілгенімен, дәрігерлер оның өмірін сақтап қала алмады.

Мұндай жағдайлар қоғамда түрлі пікірдің туындауына себеп болуда. Кейбір азаматтар бұл оқиғаларды кездейсоқ жағдай деп қабылдаса, енді бірі әлімжеттік немесе әскери тәртіптің әлсіздігінен болуы мүмкін деген күдік айтады. Әрине, нақты қорытындыны тек тергеу нәтижесі ғана анықтай алады.

Осыған байланысты ата-аналардың да алаңдаушылығы артып отырғаны рас. Көптеген ата-ана баласын әскерге жіберуге қорқатынын ашық айтып жүр. Өйткені олар сапсау кеткен ұлын аман-есен күтіп алуды қалайды. Ал кейбір жағдайларда сарбаздардың табытпен оралуы қоғам үшін ауыр соққы екені белгілі.

Соған қарамастан, әскери қызметтен толық бас тартуға заң мүмкіндік бермейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мерзімді әскери қызметтен жалтарған азаматтар әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 36-бабында: «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» деп нақты көрсетілген. Яғни әрбір азамат заңда белгіленген тәртіп бойынша әскери қызмет атқаруға міндетті.

Егер азамат әскерге барудан жалтарса, ол әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 647-бабы бойынша 5 АЕК мөлшерінде, ал 648-бабы бойынша 3 АЕК мөлшерінде айыппұл салынуы мүмкін. Ал әскерге барудан әдейі жалтарған жағдайда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 387-бап бойынша 1000 АЕК-ке дейін айыппұл немесе бір жылға дейін бас бостандығын шектеу не айыру жазасы қарастырылған.

Қалай болғанда да, бұл мәселені екі қыры бар. Бір жағынан, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қуатты әскер қажет. Ал әскердің негізі – елін қорғауға дайын азаматтар. Екінші жағынан, әскери қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сарбаздардың құқығы мен өмірін қорғау – мемлекет алдындағы маңызды міндет.

Сондықтан әскери бөлімдердегі тәртіпті күшейтіп, сарбаздардың психологиялық жағдайына көбірек қала бөлу қажет-ақ. Әскердегі әлімжеттікке қарсы күресті күшейтіп, әскери қызметтің ашықтығын арттыру – қоғам сенімін қалыптастырудың басты жолы.

Өйткені әскер – тек міндет қана емес, ол ер азаматты шыңдайтын үлкен мектеп. Мұнда тәртіп, жауапкершілік, төзімділік пен патриотизм қалыптасады. Әскерде болған жігіттердің өмірге деген көзқарасы өзгеріп, елге қызмет етудің маңызын терең түсінеді.

Иә, Отан қорғау – әр азаматтың қасиетті борышы. Бірақ бұл борышты өтеу үшін ең алдымен әскердегі қауіпсіздік, тәртіп пен әділдік қамтамасыз етілуі керек. Сонда ғана жастардың әскерге деген сенімі артып, ел қорғауға деген жауапкершілігі нығая түсері анық.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Атырау Тау Кен» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания «Раздел охраны окружающей среды к Плану горных работ для разработки участка «Кошкар» в Мақатском районе Атырауской области Республики Казахстан». Географические координаты СШ 47°28' 10.835" , ВД 53°27' 59.999" .

Место и время проведения общественных слушаний: Атырауская область, Мақатский р-н, п.Доссор, ул. Галии Сулейменовой, 39, Дом культуры Доссор, 05.05.2026 г. в 15:00 ч.

Для участия в конференции необходимо пройти по ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/8292565855?pwd=UXIvbmNbn29nTmI3TTl1bmFjU3JXZz09&omn=89657111855>

Идентификатор конференции: 829 256 5855

Код доступа: 123456

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Атырау Тау Кен» БИН 120640007736, г. Атырау, Промышленная зона Ширина, 83.

Разработчик проекта: ТОО «TauKenGeology», г. Атырау, Промышленная зона Ширина, 83, tauken\_geology@mail.ru тел. +77013821482.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на НБД СОС и ПР <https://ndbecology.gov.kz>, а также на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat>.

Замечания и предложения принимаются по вышеуказанным электронным адресам, а также на сайте НБД СОС и ПР.

### Маман кеңесі

## ҰНДЫ ФОРТИФИКАЦИЯЛАУ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Ұнды фортификациялау – бұл бидай немесе басқа да дәнді дақылдардан алынған ұнға адам ағзасына қажетті витаминдер мен минералдарды қосу процесі. Бұл әдіс халықтың тамақтану сапасын жақсарту және микроэлементтердің жетіспеушілігін болдырмау мақсатында кеңінен қолданылады. Қазіргі уақытта көптеген елдерде ұнды фортификациялау қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы маңызды шаралардың бірі болып табылады.



Ұн құрамына көбінесе темір, фолий қышқылы, В тобының витаминдері және мырыш сияқты пайдалы заттар қосылады. Мысалы, Folic Acid (фолий қышқылы) жүкті әйелдер мен ұрықтың дұрыс дамуы үшін өте маңызды. Ал Iron жетіспеушілігі анемия ауруының пайда болуына әкелуі мүмкін. Сондықтан ұнды осы элементтермен байыту халық арасында анемия мен басқа да қоректік заттардың тапшылығын азайтуға көмектеседі.

Көптеген мемлекеттерде ұнды фортификациялау заңнамалық түрде енгізілген. Мысалы,

мемлекетімізде де халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында ұнды міндетті түрде байыту бағдарламасы іске асырылған. Бұл бағдарлама арқылы темір тапшылығы, витамин жетіспеушілігі сияқты мәселелердің алдын алу көзделеді.

Ұнды фортификациялаудың негізгі артықшылықтарының бірі – оның тиімділігі мен қолжетімділігі. Ұн күнделікті тұтынылатын өнім болғандықтан, оған қосылған пайдалы заттар халықтың басым бөлігіне тұрақты түрде жеткізіледі. Сонымен қатар бұл әдіс экономикалық

түрғыдан да тиімді, себебі ол аурулардың алдын алуға көмектеседі.

Ұнды фортификациялау – халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталған маңызды тағамдық технология. Ол микроэлементтердің жетіспеушілігін азайтып, дұрыс тамақтануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Г.МУХАНБЕТОВА,**  
Мақат аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

### Қауіпсіздік

## АШЫҚ ТЕРЕЗЕ - БАЛАЛАР ҮШІН ҚАУІПТІ!

	<b>ТЕРЕЗЕЛЕРДІ АШҚАН УАҚЫТТА БАЛАНЫҢ БАҚЫЛАУДА ЕКЕНІНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗІҢІЗ!</b>	<b>Қ А У І П Т І</b>		<b>ТЕРЕЗЕЛЕР МЕН БАЛКОНДАРҒА ҚОРШАУ ОРНАТЫҢЫЗ!</b>
	<b>ҰЙЫҚТАП ЖАТҚАН БАЛАНЫ ПӘТЕРДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ!</b>			<b>БЕКІТКІШТЕР ОРНАТЫҢЫЗ ТЕРЕЗЕ ҚҰЛЫПТАРЫН ОРНАТЫҢЫЗ!</b>
	<b>МОСКИТТИ ТОРҒА СЕНБЕҢІЗ! МОСКИТТИ ТОРЛАР ӨТЕ ҚАУІПТІ!</b>			<b>ЖИҺАЗДЫ ТЕРЕЗЕДЕН АЛЫС ҚОЙЫҢЫЗ!</b>
	<b>ЕРЕСЕКТЕРДІ БАҚЫЛАУЫНСЫЗ БАЛКОНҒА ШЫҒУҒА РҰҚСАТ ЕТПЕҢІЗ!</b>			<b>ТЕРЕЗЕНІҢ АЛДЫНА ГҮЛДЕР НЕМЕСЕ ЗАТТАР ҚОЙЫҢЫЗ!</b>

## БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАҢЫЗ!

Терезеден құлап балалардың жарақаттануы мен қаза болуының негізгі себептерінің бірі болып табылады, әсіресе қалаларда.

Балалардың терезеден құлап кетуіне байланысты апаттың алдын алу үшін, келесі ережелерді сақтау керек:

Пәтердегі терезелерді ашу және үй-жайды желдетер кезде баланың қараусыз қалмағанына көз жеткізіңіз;

Мүмкіндігінше, терезелерді төменнен емес, жоғарыдан ашыңыз;

Бала терезені өз бетінше аша алмайтындей етіп терезелерге арнайы бекіткіштер орнатыңыз;

Баланың балконға ересектердің қарауынсыз шығуына жол бермеңіз;

Ұйықтап жатқан баланы ешқашан пәтерде жалғыз қалдырмаңыз. Бала оянып, ашық

терезенің тақтайшасына шығып кетуі мүмкін;

Төсекті қоса алғанда, барлық жиһаздарды терезе алдынан жылжытыңыз. Бұл баланың терезе алды тақтайшысына кездейсоқ шығуына жол бермейді;

Балаға терезе қалай ашылатынын көрсетпеңіз. Терезені өз бетінше ашуды қаншалықты кеш үйренсе, оның пәтерде болуы соғұрлым қауіпсіз болады;

Балаға терезеден немесе балконнан көшеге қарау үшін орындықты немесе басқа құрылымын аяғының астына қоюды үйретпеңіз. Кейіннен, осылай әрекет ете отырып, сыртқа ұмсына қарау

нәтижесінде терезеден құлап кетуі мүмкін;

Москит торлары көп қауіп төндіреді;

- Бала алда қандай да бір кедергіні көреді. Оған сенімді сүйенеді. Нәтижесінде ең кішкентай бір жасар баланың салмағына арналмаған тормен бірге құлап кетуі мүмкін;

- Егер 5-7 жастағы бала пәтерде жалғыз қалудан қорқатын болса, оны тіпті аз мерзімге де жалғыз қалдырмаңыз. Өйткені балалар қорқынышты сезініп, ата-аналарын көру үшін терезеден немесе балконнан қарайды. Нәтижесінде бала құлап кетуі мүмкін.

Сондықтан балалардың қауіпсіздігін бірге сақтайық!

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**